

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**2025-2026 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

**№1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

**Түркістан қаласы**

**Сағат – 15:00**

**Сенат залы**

**Қатысқандар: Сенат мүшелері**

**27 тамыз 2025 жыл**

**Сәрсенбі**

**Күн тәртібінде:**

**3. Әртүрлі мәселелер:**

**3.2. Факультет және кафедра атауы мен құрамын бекіту (Баяндамашы: Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова);**

**Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**3.2.1** 2025 жылғы 15 ақпанда өткен Өкілетті Кеңестің 78-ші мәжілісінде қабылданған №10 «Өнер, медиа және дизайн», «Заң» факультеттері ашылсын деген шешіміне сәйкес жаңадан ашылатын факультеттердің құрамы бекітілсін;

**3.2.2** Жаңадан ашылған «Өнер, медиа және дизайн» факультетінің құрамына «Журналистика», «Бейнелеу өнері» және «Орындаушылық өнер» кафедралары енгізіліп бекітілсін;

**3.2.3** «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» факультетінің атауы «Білім беру және гуманитарлық зерттеулер» факультеті болып өзгертілсін. Факультет құрамына «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру», «Педагогика және психология» және «Тарих» кафедралары бекітілсін.

**3.2.4** «Спорт және өнер» факультетінің атауы «Спорт» факультеті болып өзгертіліп құрамына «Дене мәдениеті» және «Дене тәрбиесі мен бастапқы әскері дайындық» кафедралары бекітілсін.

**3.2.5** Университет құрылымында «Заң» факультетін ашу туралы қабылданған шешімге сәйкес, аталған факультеттің ішкі құрылымы қайта қаралып, кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын.


**3.2.6** «Экономика, басқару және құқық» факультетінен «Құқық» кафедрасының жаңа «Заң» факультетінің құрамына енгізілуіне байланысты, атауы «Экономика және басқару» факультеті болып өзгертілсін және құрамына «Менеджмент және туризм», «Халықаралық қатынастар» және «Экономика, қаржы және есеп» кафедралары бекітілсін (Жауапты: Кадр бөлімінің басшысы Сыздықова Ж.).

**Сенат төрайымы**

**Сенат хатшысы**

**Ж.Темирбекова**

**А.Абибуллаева**



**А.Абибуллаева**